

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
онлайн-қабылдау бөлмесінің жұмыс істеу қағидалары

1. Электрондық өтініш жасаған кезде Өтініш беруші тегін, атын, әкесінің атын, электрондық пошта мекенжайын, байланыс телефонын көрсетуі, сондай-ақ мәселенің мәнін баяндауы қажет. Өтініштерді жіберу сервисі Өтініш берушінің ЭЦҚ көмегімен жүзеге асырылады. Өтініш берушінің жеке мәліметтері (ТАӘ-ден басқа): e-mail және байланыс телефоны өтінішті өңдеу үшін ғана пайдаланылады және сайтта жарияланбайды.
2. Онлайн-қабылдау бөлмесіне түскен өтініштерге автоматты түрде ID-нөмір беріледі, содан кейін олар электрондық құжат айналымы жүйесінде тіркеу үшін жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау секторына түседі.
3. «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2018ж.26.12 №202-VI Заңға сәйкес мәселелер күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде қаралады. Мәселе жауабы дайындалғаннан кейін онымен бірге онлайн-қабылдау бөлмесінде жарияланады. Өтініш нақты және жедел қаралуы үшін «Сұрақ қою» нысанының барлық жолдарын шынайы ақпаратпен толтыру қажет.
4. Өтініш берушінің өтінішінде «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының құзыретіне кірмейтін мәселелерге жол берілмейді.
5. Егер Сіздің хабарламаңыз:
 - мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қамтыса;
 - үшінші тұлғалардың жеке деректерін олардың келісімінсіз тарататын болса;
 - талқылаудың басқа қатысушыларының, нақты тұлғалардың немесе ұйымдардың атына қорлау, қорқыту бар болса;
 - коммерциялық мақсаттарды көздейтін, спам, жарнамалық ақпаратты қамтитын болса;
 - дерекі лексикасы бар болса, жарияланбайтынын Сіз білуіңіз қажет.
6. Бөгде ұйымдар онлайн-қабылдау бөлмесінің бөлімдерінен ақпаратты пайдалану, дәйексөз келтіру және қайта басып шығару кезінде Онлайн-қабылдау бөлмесінің мекенжайына сілтеме жасау міндетті.